

Журнал Қазақстан, жалпы Орталық Азия, Еуразия кеңістігі тарихи мәселелерімен айналысатын дүниежүзі ғалымдарының, сонымен бірге оқытушылардың, докторанттардың, магистранттар мен студенттердің ғылыми ізденістерінің нәтижелерін жариялауға арналған.

[Басты бет](#) » [Материалдар](#) » ФТАХР 03.20.00 МҰРАЖАЙ ТОПТАМАЛАРЫНДАҒЫ ФОТОМАТЕРИАЛДАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛІК МАҢЫЗЫ

**Н.С. Алгожаева<sup>1</sup>, Ә.А. Шашаев<sup>2</sup>, В.С. Зикирбаева<sup>3</sup>.**

## ФТАХР 03.20.00 МҰРАЖАЙ ТОПТАМАЛАРЫНДАҒЫ ФОТОМАТЕРИАЛДАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛІК МАҢЫЗЫ

«edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы № 2(22), 2020

Тегтер: Кунскамера, мәдениет, этнография, тарих, экспедиция., фотоқұжат, фото, музей, дерек

Андапта:

Андапта: Мақалада қазақ халқының иллюстрацияланған тарихын танауға, фотоқұжат арқылы нақтылауға мүмкіндік беретін визуалды антропологиялық деректерге талдау жасалды. Орта Азия халықтарының XIX – XX ғасырдың бас кезіндегі мәдениеті, тұрмысы мен шаруашылығының шынайы көріністері – статист қызметкерлер, шығыстанушы зерттеушілер, топографтар мен әскерилер және тағы басқа жиһанкездер түсірген фотосуреттерде сақталып, ғылыми деректік фотоқұжаттар қатарын құрап отыр. Қазақ тарихына қатысты тарихи фотодеректердің негізгі деңі Қазақстанның Орталық Мемлекеттік музейінде, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбалар мұрағатында, Кунскамерада (Санкт-Петербург), Ә. Науаи атындағы Өзбекстан Ұлттық кітапханасында, Өзбекстанның Ұлттық мұрағатында сақталған. Тарихи кезеңдерде түсірілген кез келген фотосуреттер сол дәуірдің болмысын дәлме-дәл береді және ол мәңгілікке сақталады. Визуалдық фотодеректің маңыздылығы – белгілі бір тарихи кезеңдердегі адамдардың тұрмысындағы этномәдени сипаттарды, дәстүрлі ауылды, дәстүрлі шаруашылықты, материалдық құндылықтарды, тарихи оқиғаларды нақты, боямасыз түрде шынайы таңбалай алуында болып табылады.

Мазмұны:

**Кіріспе.** Қазақ тарихы мен этнографиясының маңызды қырларын қамтитын фотоматериалдық деректер ҚР Мемлекеттік Орталық музейі, ҚР Орталық Мемлекеттік фотоқұжат мұрағаты қорларында, ҚР Ұлттық кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында, Ресей және Орта Азия елдері музейлерінде, зерттеуші-ғалымдар снбелерінде, Кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарында, Музейлік, мұрағаттық фотоқұжаттар қорындағы 1920-1928 жылдары түсірілген суреттер де қаймағы бұзыла қоймаған дәстүрлі тұрмыс береді. Соның ішінде, қазақ этнографиясынан сыр шертетін фотосуреттердің қомақты бөлігін Ұлы Петр атындағы Антропология және этнография музейі қорындағы қазақтар фотосурет коллекциясы құрайды. Мұндағы қазақтарға қатысты фотосуреттердің жалпы саны 1380 сақтау бірлікті құрайды.

**Талқылау.** Мұражайлардағы фотосуреттер С.М. Дудин, А.Л. Мельков, К.Н. де-Лазари, Ф. Орда, М.С. Вайшле, А.С. Лейбин, А.А. Воронина-Уткина, К.В. Шенников, В.Ф. Козлов және басқа авторлар тарапынан түсірілген.

Бұдан өзге қазақ халқының мәдениеті, өнері, тұрмысы мен шаруашылығы т.б. салаларға қатысты М. Хордет, А.С. Муренко, П. Лейбин, А.Г. Багаев, Л.П. Полтарацкая, Н.С. Носов және басқа авторлар тарапынан түсірілген.

